

ЖЕТКІЗУ ШАРТЫ

Атырау қ.

«__»_____20____ж.

Бірінші тараптан _____ негізінде әрекет етуші _____ тұлғасында «Атырау Жарық» АҚ бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып және екінші тараптан _____ негізінде әрекет етуші _____ тұлғасында _____ бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталып, бірлесе отырып «Тараптар» деп аталып төмендегілер туралы _____ хаттама негізінде № _____ лот бойынша _____ әдісімен сатып алу нәтижелері бойынша осы шартты жасасты:

1. Шарт нысаны

1.1. Жеткізуші Тапсырыс берушіге тауарды сипаттамасына сай (осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымша), осы шартта көрсетілген мерзімде тапсыруға, ал Тапсырыс беруші көрсетілген тауарды қабылдауға және оның төлемін уақытында жүргізуге міндеттенеді.

2. Тауарды жеткізу тәртібі мен мерзімі

- 2.1. Жеткізуші Тапсырыс берушіге «DDP Атырау қ., «Атырау Жарық» АҚ, ИНКОТЕРМС 2010» талабымен 2021 жыл ішінде жөнелту жолымен жеткізуді қамтамасыз етеді.
- 2.2. Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша өтініш алған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде тауарды жеткізуді міндетіне алады
- 2.3. Жеткізуші Тауарды тасымалдау талаптарының қажеттілігіне орай тауарды тасымалдау барысында қауіпсіз сақтау үшін қабылданған стандарттарға сәйкес, оны атмосфералық құбылыстардың әсер етуінен қорғай отырып орап, буып-түюді қамтамасыз етеді.

3. Сапасы мен толықтығы

- 3.1 Жеткізуші кепілдік береді:
 - 3.1.1. Осы шарттың нысанасы болып табылатын тауардың сапалылығына және нормативтік құжаттама талаптарына сәйкестігіне (ГОСТ, СТ РК, ОСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.);
 - 3.1.2. Тауардың жаңа және нормативтік құжаттама талаптарына толық сәйкестігіне: (ГОСТ, СТ РК, ОСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.).
- 3.2. Жеткізуші Тауарды эксплуатацияға берген мерзімінен бастап 12 ай ішінде Тауардың барлық көлеміне, алайда жеткізу мерзімінен 24 айдан кем емес мерзімге кепілдік береді.
- 3.3. Кепілдік аясында Жеткізуші өз есебі мен тәуекелінен Тапсырыс берушіден кепілдік міндеттеменің туындауы туралы жазбаша хабарлама түскен сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде дефектілі Тауарды ауыстыру, ақауларын және/немесе дефектілерін қалпына келтіру және жеткізуді міндетіне алады.
- 3.4. Дефектілі тауардың орнына тауар ауыстыру және оны жеткізу шарасы Жеткізушінің есебінен жүзеге асырылады. Ауыстырылған тауарды жеткізу талабы Осы шартта келісілген жеткізу талабына ұқсас. Дефектілі тауардың орнына ауыстыруға жататын Тауарды кездейсоқ бүлдіріп алу тәуекелі Жеткізушіге жатады.
- 3.5. Жеткізуші Тапсырыс берушіге жеткізіп берген тауарының өнеркәсіптік және/немесе басқа да зияткерлік меншікке негізделген кез келген құқықтардан және үшінші тұлғалардың талап етуінен еркін және солай болатындығына кепілдік береді.
- 3.6. Жеткізуші жеткізілетін тауардың Қазақстан Республикасында белгіленген экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес екендігіне кепілдік береді. Бұл талаптар бұзылған болса Жеткізуші Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тигізген залалын

Тапсырыс беруші _____

Жеткізуші _____

(зиянын) өтейді.

- 3.7. Тауардың сапасы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын сапа сертификатына сәйкес болуы тиіс.

4. Бағасы мен төлеу тәртібі

- 4.1. Осы шарттың бағасы (сомасы) _____ кұрайды, соның ішінде ҚҚС _____.
- Шарттың сомасына Жеткізушінің осы шарт бойынша барлық оған қажетті шығындары кіреді.
- 4.2. Тапсырыс беруші осы шарт бойынша жеткізілген Тауарға осы шартта көрсетілген банктік деректемелері бойынша, Жеткізушінің есеп шотына ақша аудару жолымен - Тапсырыс берушінің қоймасына сәйкесті Тауарды жөнелту және беру жолымен фактілі жеткізу сәтінен бастап 360 (үш жүз алпыс) банктік күн ішінде төлем жасайды, Жеткізуші Тапсырыс берушіге төмендегі құжаттарды тапсырады:
- 4.3. - Тауардың сәйкесті партиясының фактура-шоттары, белгіленген жолмен 12% ҚҚС - түпнұсқа – 1 дана;
- 4.4. - Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған Тауардың сәйкесті партиясының жөнелтпе құжаты (түпнұсқа) – 1 дана.
- 4.5. Шарттың 4.1.т. көрсетілген жалпы сомасы түбегейлі болып табылады және Тараптардың өз міндеттемелерін осы шарт бойынша толық орындағанға дейін өсіруге жатпайды.
- 4.6. Салық, баж және өзге де бюджет төлемдеріне қатысты ҚР заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар осы шартқа сәйкесті өзгертулер енгізуге міндеттеліп, соған сәйкес Қосымша келісімге қол қояды.
- 4.7. Тапсырыс беруші шарттың 4.1.т. көрсетілген соманы 4.2.тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде үлестеп төлеуге құқылы.

5. Тауардың қаптамасы және таңбалау

- 5.1. Орап, буып-түюге жататын тауар оны темір жол және/немесе автокөліктерге тиеу, тасымалдау, түсіру, ауыстырып тиеу барысында зақымданудан сақталуын қаптамасыз ететін сәйкесті қаптамада жеткізіледі, сонымен қатар оның қаптамасы тауарды кранмен тасымалдауға қолайлы болуы тиіс.
- 5.2. Жеткізілетін тауардың ерекшеліктері талап ететін жағдайда, әр жәшіктің немесе қаптаманың ішкі жағына қаптама қағазының көшірмесімен бірге су өткізбейтін қағаздан жасалған конверт жапсырылады. Конверт жәшікке жапсырылатын темір пластинкімен жабылуы тиіс. Қаптама қағазының екінші көшірмесі Тауармен бірге жәшікке салынуы керек. Егер Тауар қаптамасыз жөнелтілетін болса, конверт Тауардың пайдаланылмайтын бөлігіне жапсырылады.
- 5.3. Техникалық құжаттама, егер онысы көзделген болса, нақтырақ Тауардың құжаты мен оны эксплуатациялаудың нұсқаулығы Тауармен бірге жәшікке немесе қаптамаға салынады.
- 5.4. Қажет болған жағдайда Тауар салынған әр жәшіктің немесе қаптаманың үш жағына (жәшіктің қақпағына, алдыңғы және сол жақ бетіне) қазақ және орыс тілдерінде өшірілмейтін бояумен таңбаланады. Тауар салынған әр жәшік мынадай түрде таңбалануы тиіс: «Жөнелтушінің атауы, жеткізілетін нүктесі, сақ болыңыз, үсті, лақтыруға болмайды, құрғақ жерде сақтау керек, № шарт, Брутто салмағы, Нетто салмағы, № жәшік немесе қаптама, габариттері, көлемі (куб.см.), ауырлық орталығы».
- 5.5. Жеткізуші осы шартпен Тапсырыс берушіге кәуландыратын құжаттарын ұсына отырып, Тауардың белгіленген нүктесіне жеткізілмеуіне байланысты туындаған тасымалдау, қоймада сақтау және басқа да қосымша шығындарының сомасын біржақты тәртіппен шегеріп тастау құқығын береді.
- 5.6. Тауардың сапасы мен саны бойынша кемшіліктерін анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тауарды алған сәттен бастап 30 жұмыс күні ішінде кемшіліктерді жою және Шарттың тиісті деңгейде орындалуын талап ететін наразылықпен өтініш жасауға құқылы.

Тапсырыс беруші _____

Жеткізуші _____

6. Тараптардың жауапкершілігі

- 6.1. Шартты орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Жеткізуші:
- шарттың талаптарын бұзудан туындаған тікелей залалды Тапсырыс берушіге өтейді;
 - толық жеткізбегені үшін толық жеткізілмеген тауардың құнының 0,1% көлемінде тауарды кешіктірген әр күн үшін, мерзімін кешіктірген бірінші күннен бастап айыппұл төлейді, бірақ тауардың құнынан 10% аспайды;
 - тиісінше сапасыз тауарды жеткізгені үшін сапасыз тауардың құнын өтейді және толық жеткізілмеген тауардың құнындай көлемде сапасыз тауар үшін айыппұл төлейді.
- 6.2. Шартты орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші:
- шарттың талаптарын бұзудан туындаған тікелей залалды Жеткізушіге өтейді;
 - төлемдерді кешіктіргені үшін Жеткізушіге кешіктірген уақытының бірінші күнінен бастап, төленуге жататын сомандан 0,1% көлемінде кешіктірген әр күн үшін айыппұл төлейді, бірақ шарттың сомасынан 5% аспайды.
- 6.3. Тараптардың осы шартта көзделмеген жауапкершілік шаралары ҚР аумағында әрекет ететін азаматтық заңнамалардың нормаларына сәйкес қолданылады.

7. Дауларды шешу тәртібі

- 7.1. Шартты орындау, өзгерту, бұзу процесінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.
- 7.2. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар сот тәртібімен, Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешіледі.
- 7.3. Шартта көзделмеген барлық сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

8. Шартты өзгерту және бұзу

- 8.1. Тараптардың өзара келісімі бойынша, қосымша келісім түрінде жазбаша жаза отырып Шартты өзгерту немесе бұзу мүмкіндігі бар.
- 8.2. Шарт Тараптардың біреуінің талабы бойынша Басқа тарап оны айтарлықтай бұзған жағдайда ғана соттың шешімі бойынша өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

9. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

- 9.1. Еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болған жағдайда, Тараптар міндеттемелерін осы шарт бойынша толық және ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 9.2. Шартты жасағаннан кейін төтенше сипаттағы жағдайлар нәтижесінде туындаған, тарап көздемеген және оған тәуелсіз болған жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып түсіндіріледі. Еңсерілмейтін күш жағдайларына әскери әрекеттермен, табиғи апатпен байланысты, Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға тыйым салатын және/немесе орындауға кедергі келтіретін мемлекеттік билік органдарының актілері жатады.
- 9.3. Шарт бойынша міндеттемелерін орындайтын жағдайы жоқ Тарап басқа Тарапқа осындай жағдайлардың туындағанын растайтын сәйкесті құжаттарын жалғай отырып, 48 сағат ішінде жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарымен расталуы және куәландырылуы тиіс.
- 9.4. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ететін уақытына жылжытылады.
- 9.5. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары 3 (үш) айдан астам уақыт ішінде әрекет ететін болса, Тараптардың әрқайсысы Шарттың одан әрі орындалуынан бас тартуға құқылы, мұндай жағдайда Тараптар фактілі жеткізілген Тауар үшін осы Шарт бойынша өзара есептесулер жүргізуге міндеттенеді.

Тапсырыс беруші _____

Жеткізуші _____

10. Құпиялылық

- 10.1. Тараптардың Шарт бойынша бір-біріне беретін құжаттамалары мен техникалық ақпараты құпия болып табылады және олар оны бүкіл ортаның назары үшін жарияламайды және/немесе таратпайды, сонымен қатар басқа тараптың алдын-ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермейді, мұндай жағдайда осы Шарт бойынша ақпаратты талап ету құқығы бар өкілетті мемлекеттік органдардың құқықтық ерекшелігі басым болып табылады.

11. Хат алмасу

- 11.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасулар жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе кімнің болса да шешімдерін ұсыну немесе жазып шығару қажет болса, егер басқаша түрде келісілмесе, онда хат алмасудың мұндай түрі жазбаша нысанда немесе электронды байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады.
- 11.2. Хат алмасудың барлық құжаттары немесе осы Шартқа байланысты Тараптардың деректемелерін Шарттың номерімен қоса қамтуы тиіс.
- 11.3. Тапсырыс (авиа) хатымен жөнелтілген хабарлама почта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің почтаның жеткізілгендігін растайтын штампы болған жағдайда жеткізілген деп саналады. Электронды почта құралы арқылы «Қабылданғаны туралы хабарламамен» жіберілген хабарлама «Қабылданды» деген белгісін алған сәттен бастап жеткізілген деп саналады.

12. Шарттың әрекет ету мерзімі

- 12.1. Шарттың әрекет ету мерзімі 31 желтоқсан 2021 жылға дейін.
- 12.2. Осы шарт оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптардың өздерінің барлық міндеттемелерін, соның ішінде өзара есептесулерін орындағанға дейін әрекет етеді.
- 12.3. Шарт екі данада орыс тілінде жасалған, әрбір Тарап үшін бір-бірден. Шарттың екі данасы да бірдей заңды күшке ие. Шартқа жалғанған, Тараптардың қолы қойылған барлық қосымшалар мен сәйкесті өтініштер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

13. Өзге де талаптар

- 13.1. Егер Шартқа енгізілген барлық толықтырулар мен өзгерістер жазбаша түрде жазылған болса, Тараптардың өкілетті тұлғаларының қолдары қойылған болса және мөрлерімен бекітілген болса жарамды болып саналады.
- 13.2. Тараптар Шартта көзделген өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаға беруге құқығы жоқ, мұндайда басқа тараптың алдын-ала келісімінсіз тараптардың заңды құқық иеленушілерінің құқығы басым болады.
- 13.3. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің банктік деректемелері немесе заңды мекен-жайлары өзгерген жағдайда, тараптар бұл туралы бірін бірі өзгергенге дейін 5 банктік күннен кешіктірмей алдын-ала хабарлайды.
- 13.4. Егер Жеткізушіге Тауарды дайындау үшін мерзім қажет болған жағдайда, онда мерзімі Тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

Тараптардың заңды мекен жайлары мен банктік деректемелері

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ
«Атырау Жарық» АҚ

ЖЕТКІЗУШІ

Тапсырыс беруші _____

Жеткізуші _____

Тауар жеткізу шартына №1 қосымша

«_____» _____ 20_____ ж. № шартқа № _____ сипаттама

№	Материалдардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	ҚҚС-мен бағасы, теңге	ҚҚС-мен сомасы, теңге
	БАРЛЫҒЫ:				

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ:

ЖЕТКІЗУШІ:

«Атырау Жарық» АҚ

«_____» _____ 20_____ ж. № шартқа

№ _____ өтініш

№	Материалдардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	ҚҚС-мен бағасы, теңге	ҚҚС-мен сомасы, теңге
	БАРЛЫҒЫ:				

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ:
«Атырау Жарық» АҚ

ЖЕТКІЗУШІ:

Тапсырыс беруші _____

Жеткізуші _____